


Мұғалім



Қандай пәнді болсын оқыту үшін мұғалім өз пәнін жетік білуі керек, бірақ оқытуда бұл қажетті шарт болғанымен жеткілікті бола алмайды. Оқыту ғылым емес ол шеберлік. Сондықтан қандай мамандықтың шебері болса да, ол шебердің өзіне тән әдістері, ұстанымдары және көзқарастары болады. Бұлар жылдап санап іс-тәжірибе жинау барысында қалыптасады, және шеберлігі арта түседі. Демек, әр бір мұғалімнің оқыту әдістері мен ұстанымдарының ерекшеліктері болады. Бірақ мұғалімдердің барлығының алдына қойған мақсаттары бір – балаларды өз пәндеріне үйрету.

Оқыту барысында
Негізгі үш принцип



белсенділік



ынталандыру



бірізділік пен жүйелілік


Белсенділік

Мұғалім өз пәнін жақсы біледі және оны жақсы айтып бере алады, бірақ оқушылар тарапынан белсенділік болмаса, оның еңбегі зия кетуі мүмкін. Сондықтан оқушылардың белсенділігін арттыру керек. Ол үшін әр түрлі әдістерді қолдануға болады.

диалог ретінде

өздері жұмыс істеу

Оқушыларды ынталандыру



оқушының ынтасын арттыру үшін оны қызықтыру керек. Бұл тақырыптың керек екенін оның үлкен пайдасы бар екенін көрсету. Оқушылардың белсенділігін арттыруда тақырыпта кездесетін теоремалар мен формулаларды дәлелдеуі және таңдап алынған есептердің ролі үлкен. Белсенділігін арттыру арқылы біз оқушыны ойлауға үйретуіміз керек. Естен шығармау керек: математиканы оқытудағы негізгі мақсат теоремалар мен формулаларды жаттатқызу емес, қатаң логикалық ойлау қабілетін арттыру

Оқушыларда танымдылығын арттыру үш кезеңнен тұрады:

бақылау немесе зерттеу

оқушы әрекет жасап игеру керек және оқушы сезімталдығы арқылы немесе жаңалық ашқан тәрізді болуы керек.

түсініктерге өту

оқушы жаңа термидер, түсініктер, анықтамалар мен теоремалармен танысып, түсінік пайда болу кезеңі

игеру

оқушы материалды игеріп қана қоймай өз білімдерінің жүйесіне ендіру керек. Басқа тақырыптармен байланыстарын аңғарып, келесі тақырыпқа көшу үшін жол ашады.

Математиканы оқытуда мұғалім келесі ережелерді ұстануы қажет:

- Мұғалім өз пәніне қызығушылық таныту керек.
- Мұғалім өз пәнін терең меңгеруі керек.
- Мұғалім пәнді алдымен өзі үйренуі керек және қалай оқушыларға үйреткен тиімді түсінікті болатынын алдын ала білуі керек.
- Мұғалім оқушылардың бетіне, іс-әрекетіне қарсы олардың жаңа тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтай білуі керек.
- Мұғалім оқушыларға белгілі бір ақпарат беруімен шектелмесін. Оқушылардың дағдысын, ой-өрісін дамытуына үздіксіз жәрдем беріп отырсын.
- Оқушыларға болжау жасап тапқырлық танытуға үйрету керек
- Оқушыларды дәлелдеуге үйрету.
- Әрбір түсінікті енгізгенде, теореманы дәлелдегенде немесе бір есепті шығарғанда оның келешекте керек болатынын, яғни пайдалынуға болатынын үйрету керек.
- Оқушыларға есеп шығаруда еркіндік беру керек, олардың көбірек өздігінше жұмыс істеуіне мүмкіншілік жарату қажет.
- Оқушылардың бетін қайтаруға болмайды. Оқушы сабаққа толық жауап бермесе, оны ешнәрсе білмейсін деп айтуға болмайды.